

"Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығын және Машина жасауды болжау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қаңтардағы N 2 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 қазандағы № 1313 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.10.15 № 1313 Қаулысымен.

Машина жасау кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және оны іске асыруды ғылыми-техникалық жағынан қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының, Қорғаныс министрлігінің және Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ведомстволық бағыныстағы "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығын "(СҒТО)" құру туралы ұсынысы қабылдансын. "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығының (СҒТО) мекен-жайы Алматы қаласы болып белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1998.05.20. N 457 қаулысымен. Р 9 8 0 4 5 7 _

2. Қарағанды ұлттық техникалық университетінің жанындағы машина жасау кешенін болжау жөніндегі арнайы ғылыми бөлімшенің негізінде Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ведомстволық бағынысты "Машина жасауды болжау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" мемлекеттік мекемесі құрылсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Қаржы министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті:

бір ай мерзім ішінде "Машина жасау" салааралық ғылыми-зерттеу орталығының құрамына кейбір бейіндік ғылыми-зерттеу және тәжірибе конструкторлық ұйымдарды енгізу жөнінде ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізетін болсын;

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен бірлесе отырып 1998 жылдың наурызында Қазақстан

Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1998.05.20. N 457 қаулысымен. Р 9 8 0 4 5 7 _

5. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы бір ай мерзімде :

құрылған мемлекеттік мекемелер туралы ережелерді бекітсін және белгіленген тәртіппен олардың әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін;

"Машина жасаудың және тиімділігі жоғары машиналар мен аспаптар жасаудың ғылыми-техникалық проблемалары" нысаналы бағдарламасының кең ауқымды нұсқасын оның негізгі тапсырмаларымен және көрсеткіштерімен бекітсін. 6. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мен Әділет министрлігі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған актілерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін. Қазақстан Республикасының Премьер - Министрі